

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 2, Number 26 (2015), 53 – 56

BIOLOGICAL FEATURES OF THE MAJOR PESTS OF APPLE IN A SOUTH-EASTERN KAZAKHSTAN

R. A. Iskendirova, M. K. Sabyrkhanova

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan

Keywords: cacoecia rosana L., Pandemis chondrillana H.-S., Gemistoma scitella Z., caterpillar, phenology, generation.

Abstract. The article describes the biological characteristics of the main pests of apple in the south-eastern Kazakhstan.

ӘОЖ 634. 11:632(574.51)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА АЛМА АҒАШТАРЫНЫң НЕГІЗГІ ЗИЯНКЕСТЕРІНІң БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРІ

Р. А. Искендирова, М. К. Сабырханова

Қазак ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: жасыл жапырақ ширатқыш, раушан жапырақ ширатқыш, долана көбелектері, жұлдыз-құрттар, фенология, ұрпақ.

Аннотация. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарындағы алма бақтарына жапырақ кеміргіш жұлдызқұрттары әртүрлі зиянын тигізеді. Солардың ішінде зерттеу нәтижелері бойынша раушан жапырақ ширатқыш (*Cacoecia rosana* L.), жасыл жапырақ ширатқыш (*Pandemis chondrillana* H.-S.), долана көбелегі (*Gemistoma scitella* Z) зиянкестерінің зияны айтартылғатай. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде жапырақ кеміргіш көбелектерінің даму сатысы, кейбір биологиялық ерекшеліктері анықталып, зерттелінді.

Кіріспе. Зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының, Алматы облысының, Карасай ауданы «Дармен» шаруа қожалығы, Енбекшіқазақ ауданы «Дихан» шаруа қожалығы, Еңбекшіқазақ ауданы «Алиев» шаруа қожалығы, Еңбекшіқазақ ауданы «Қарлығаш» шаруа қожалығы, Еңбекшіқазақ ауданы «Ақ қазы» шаруа қожалығы, Талғар ауданы «Дурсунов» шаруа қожалықтарының алма бақтарында жүргізілді.

Зерттеудің негізгі нысаны ретінде раушан жапырақ ширатқышы (*Cacoecia rosana* L.), жасыл жапырақ ширатқышы (*Pandemis chondrillana* H.-S.) алынды. «Дармен» шаруа қожалығының алма бақтарындағы фитофагтардың таралуы мен санын мерзімдік маршруттық зерттеулер негізінде аныкталды [1, 2].

Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында барлық алма ағаштары зиянкестерінің таралуын Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институтының жеміс-жидек бөлімінің ғылыми қызметкерлерімен бірігіп, алма ағаштарының жапырақ кеміргіш зиянкестері мен алма жемісінде тағы да басқа кездесетін зиянкестердің таралу мониторингін жүргіздік.

Маршруттық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша биылғы жылды доминантты зиянкестерінің түр құрамын анықтау жұмысы жүргізілді. Олар: жапырақ ширатқыш көбелектер

(жасыл, раушан, долана), алма жеміс жемірі, алманың жасыл бітесі, бақтың өрмекші кенесі, алма қүйе көбелегі, қарағаннның жалған қалқаншалы сымыры, ал аурулардан ақ ұнтақ, таз қотыр тағы басқалары.

Жеміс бағының зиянды организмдермен зақымдалуы мен таралу аймағын анықтау үшін Алматы облысынды 6 шаруа қожалығында маршруттық бағытпен тексеру жұмыстары жүргізілді.

Ерте көктемде аптасына бір рет зиянды организмдерге есеп жүргізіп, бақылауға алынды. Есептегендегі мәліметтері бойынша зиянды организмдердің зақымдау дәрежесіне байланысты шаруа қожалықтарында консультациялық жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік бақтың кешенді нұсқасында келесі агротехникалық шаралар жүргізілді: ауруға шалдықкан немесе қурап кеткен ағаш бұталары кесіліп, вегетациялық кезеңде 6 рет суарылды.

Қыстап шығатын долана көбелегі жұлдызқұрттары 1 ағашқа орта есеппен 42 дана, зерттеп бақылау арқылы әрбір ағаш дініне жүргізілді. Қыстап шығатын долана көбелектерінің жұмыртқаларынан зертханалық жағдайда 17-сөүірде дернәсілдері шықты.

Жапырақ кеміргіш зиянкестерінің зақымдауы орта есеппен кешенді нұсқада 12,8 %, химиялық нұсқада 13,4 %, бақылау нұсқада 15,4 % құрады. Ерте көктемде дернәсілдер жұмырқадан шығып, жана шықкан жапырақтардың шырынын сора бастайды, бір жапырақта орта есеппен 3-2 данадан келді. Бітенін жаппай көбеюі, жапырағы толық шықкан соң II ұрпағы шыққаннан кейін байқалды. Жасыл бітенің вегетация кезеңінің I жартысында сандық көрсеткіштері толқынды сипаттамасымен ерекшеленеді: көктемде және жаздың басында көбейіп, жаздың ортасында тез азайды. Қосымша жеміс бұталары бүршік атқаннан кейін зиянкестің популяция тығыздығы жоғарылады, бір жапыраққа 12 данадан болды.

Тұрақты мөлтекте қалқаншалы сымыры байқалды. Ағашта зиянкеспен қоныстануы биылғы жылы 2,5 %, алма ағашы жапырағын шенберлі қүйе көбелекпен зақымдалуы 6,4 % құрады 1-ші кесте.

1-кесте – Алма бақтарындағы зиянкестерінің фитосанитарлық мониторингы (2014 ж.)

Шаруа қожалықтары	Аудан, га	Жапырақтың жапырақ ширатқышы көбелекпен зақымдануы, %	Жемістің алма жеміс жемірімен зақымдануы, %	Кенелердің жапырақта орналасу тұғыздығы, дана/жап	Жемістің алма жеміс жемірімен зақымдануы, %	Жапырақта бітгелердің орналасу тұғыздығы, кз./жап	Ағаштардың қалқаншалы сымырмен зақымдану дәрежесі, %	Алма қүйесімен жапырақтың зақымдануы, %	Ағаштардың қанды бітемен зақымдануы, %
Алматы обл. Қарасай ауд. ТОО «Дармен»	80	10,5	5,8	2,5	5,8	6,8	1,1	3,9	5,7
Еңбекшіқазак ауд. ШК «Дихан»	70	11,2	4,4	2,4	4,4	6,5	2,3	5,3	-
Еңбекшіқазак ауд. ШК «Алиева»	50	11,7	3,4	2,0	3,4	7,6	4,3	4,1	-
Еңбекшіқазак ауд. «Карлығаш»	6	12,3	5,7	2,1	5,7	7,2	5,4	6,4	-
Еңбекшіқазак ауд. ШК «Ақ казы»	30	9,8	6,7	3,3	6,7	7,4	3,0	6,7	4,8
Талгар ауд. ШК «Дурсунов»	5	23,0	6,7	3,7	6,7	8,3	2,0	3,5	2,0

Алма жемісінің зақымдануы әр ауданда әрқишли, әр аймақта әртүрлі сорттарда шамамен 3,4-6,7 % болып табылды. Тек биылға жақсы өнім алған кезде, алманың зақымдануын салыстырғанда төмен болды. Бұл жұлдызқұрттардың күзгі қоры өткен жылы жемістерде кездеспеуінен,

зияндылығы өте төмен болуымен байланысты. Өткен жылы зиянды организмдердің қыстап шығуын есепке алып, келесі жылы таралу санын анықтады.

Жапырақ ширатқыш зиянкестерінің даму фенологиясын анықтау үшін күзде раушан жапырақ ширатқышының жұмыртқасы мен жасыл жапырақ ширатқышының жұлдызқұрттарын жинап алып, инсектаридегі садоктарға орналастырылды.

Көктемде зиянкестердің дамуына және жеке фазалардың пайда болу мерзіміне бақылаулар жүргізілді.

Жасыл жапырақ ширатқышының жұлдызқұрттары қабық астындағы діңдерінде және қанқа бұтақтарында қытайты. Ең көп таралған және зияны ерекше раушан жапырақ ширатқышы көбелегі жұмыртқалары сабактарда және ірі бұтақтарда қыстап шығады. Көктемде алма ағаштарындағы жұмыртқалардан жұлдызқұрттар шыға бастайды, олар жапырактарды гүл және жемістерді зақымдайды. Коректену мерзімі бір айға созылады, жапырақ кеміргіш жұлдызқұрттары 30-40 күннен кейін оралған жапырактарда қуыршақтанып, соңынан 8-10 күннен соң көбелектер ұша бастайды. Вегетация кезеңінде 1-2 үрпақ береді.

Зиянкестердің биологиясын бақылау нәтижесінде алма жеміс жемірі жұлдызқұрттарының шығу кезеңі жұлдызқұрттардың дамуының аяқталуымен және қуыршақтануы, раушан жапырақ ширатқышы мен жасыл жапырақ ширатқышының ұша бастаудың сәйкес келеді (2-кесте).

2-кесте – Алма жеміс жемірі және раушан жапырақ ширатқышы жұлдызқұрттарының шығу мерзімдері
(Алматы облысы, Еңбекшиказак ауданы, 2014 ж.)

Даму сатысы	Шаруа қожалықтары	Алма жеміс жемірі мен раушан жапырақ ширатқышы фазаларының пайда болу мерзімдері	
		алма жеміс жемірі	раушан жапырақ ширатқышы
Көбелектердің алгащы ұша бастауды	«Дурсунов»	08.05	28.05
	«Дармен»	09.05	01.06
Жұлдызқұрттардың алгащы шыға бастауды	«Дурсунов»	30.05	17.04
	«Дармен»	02.05	20.04

2013–2014 жылдары зерттеу нәтижесінде ормандағы жабайы жеміс ағаштары мен бақтағы алма ағаштарындағы жасыл, раушан жапырақ ширатқышы мен долана көбелегі кеңінен таралған. Алма жеміс жемірі жұлдызқұрттарының дамуы кезеңінде жапырақ кеміргіш жұлдызқұрттары мен қуыршақтары, соңғы ересек шамасында болғанын байқады.

3-кесте – Алма жеміс жемірінің жұлдызқұрттарының шығуы кезеңінде, жасыл жапырақ ширатқышы жұлдызқұрттары және қуыршақтар саны

Есепке алу күні	Зерттелген ағаштар, дана	Қарастырылған бұтақтар, м	Жапырақ ширатқыштарының пайда болуы	
			жұлдызқұрттар	қуыршақ
«Дурсунов»				
30.05	25	280	3,3	25,6
«Дармен»				
02.06	20	140	4,0	33,0

Ерте көктемгі зерттеу нәтижесінде раушан және долана жапырақ ширатқышының жұмыртқа салу саны орта есеппен 1 m^2 бұтақта 1,4-1,6 салғаны байқалды. Зерттеу нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген.

4-кесте – Алматы облысының Қарасай, Талғар аудандарындағы шаруашылық бактарындағы жапырақ ширатқышы кеміргіштердің салған жұмыртқаларының орташа саны (2013–2014 жж.)

Шаруашылықтар	Қарастырылған ағаш, дана	1 м ² бұтаққа келетін жұмыртқа саны	
		2013	2014
Қарасай ауданы Ақсай ормаништық Іле-Алатауы	50	1,3	0,6
ҚазҰҚФЗИ	50	1,6	0,8
Талғар ауданы Кіспі алматы ормаништық Іле-Алатауы	50	1,5	0,7
Белбұлақ бағы	92	1,4	1,4

Іле-Алатауына қарасты Талғар және Қарасай аудандары шаруашылықтарында 2014 жылғы мәліметтерге қарасақ, 4-кестеде көрсетілгендей, жұмыртқа санының өте жоғары болуы салдарынан жапырақ ширатқышы көбейді. Іле Алатауы маңындағы жабайы алма ағаштарына жүргізілген зерттеу кезінде зақымдалған және өлген жапырақ ширатқыштың жұлдызқұрттары табылған. Өлген жұлдызқұрттардың нақты себебін анықтау үшін ҚазҰҚФЗИ биотехнологиялық зертханасында микробиологиялық зерттеу жүргізілді. Өлген жұлдызқұрттардан кристалл тәрізді бактерия *Bacillus thuringiensis* бөлінді. Алма бағындағы жапырақ кеміргіш жұлдызқұрттарының кейбір биологиялық ерекшеліктері, даму сатысы, фенологиясы зерттелінді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Каширская Н.Я., Цуканова Е.М., Каширская А.М. Современный подход к построению системы защиты насаждений яблони от вредных организмов // Плодоводство и ягодоводство России: сб. науч. работ. – М.: Всерос. селекц.-технол. ин-т садоводства и питомниководства, 2010. – Т. 24. – С. 352-360.
- [2] Миняйло В.А., Миняйло А.К. Объем выборки для учёта кладок розанной листовертки // Запита растений. – 1988. – № 6. – С. 37.

REFERENCES

- [1] Kashirskaya N.Ya., Tsukanova E.M., Kashirskaya A.M. The modern approach to the construction of a system of protection of apple trees from pests. Fruit and berry-culture of Russia: coll. scientific. works. M.: All-Russian. select.-technol. Inst. of Horticulture and Nursery, 2010. Vol. 24. P. 352-360 (in Russ.).
- [2] Minyailo V.A., Minyailo A.K. The sample size to account for clutches Rosanna Tortricidae. Protection of plants. 1988. N 6. P. 37 (in Russ.).

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВРЕДИТЕЛЕЙ ЯБЛONI В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Р. А. Искендирова, М. К. Сабырханова

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: зеленая, розанная и боярышниковая листовертки, гусеница, фенология, генерация.

Аннотация. В статье рассмотрены биологические особенности основных вредителей яблони в юго-восточных районах Казахстана.

Поступила 09.04.2015г.